

"Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы" нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қаулысы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы 1999 жылғы 16 сәуір N 74 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 16.04.1999 ж. тіркелді . Тіркеу N 734. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 25 ақпандағы N 13 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 25 ақпандағы N 13 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілерін»"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы қаулының қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3
1)
2)
4

5. ...

Ұлттық Банк Төрағасы

Д ұ р ы с :

**ҚРҰБ Басқармасының және
Директорлар кеңесінің**

хатшысы

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының

2008 жылғы 25 ақпандағы

N 13 қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
күші жойылды деп танылатын нормативтік**

1
2

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту жөнінде" 1999 жылғы 16 сәуірдегі N 74 қаулысы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 16 сәуірде N 734 тіркелген,»"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде" 1999 жылғы N 6 жарияланған, 1 4 3 - қ ұ ж а т) .

4
5

Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату механизмін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 28 наурыздағы N 54 V990724_ қаулысымен бекітілген "Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы" нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Сизова С.И.) осы қаулыны, "Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы" нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеу шараларын қабылдасын.

3. Валюталық реттеу және бақылау басқармасы (Қасымжанова Г.З.)

мемлекеттік тіркелгеннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және "Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы" нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі

банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

» Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының»
1999 жылғы 16 сәуірдегі N 74

қаулысымен бекітілген
тіркеу _____

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының»
1999 жылғы 28 наурыздағы N 54 V990724_ қаулысымен бекітілген
"Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен
түскен түсімді міндетті түрде сату туралы" нұсқаулыққа
өзгерістер мен толықтырулар

"Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді
міндетті түрде сату туралы" нұсқаулыққа мынадай өзгерістер мен толықтырулар
е н г і з і л с і н :

1. 2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Валюта биржасының мүшесі болып табылмайтын уәкілетті банк осы
Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес экспорттық валюта түсімін сатуды жүзеге
асыратын, валюта биржасына сауда-саттыққа жіберілген банкпен тиісті шарт
жасасу жолымен экспорттық валюта түсімін (өз түсімін де, клиенттердің түсімін
д е) с а т а д ы " .

2. 3-тармақтағы "сондай-ақ банктердің банктік қызметі үшін шетел
валютасындағы комиссиялары" деген сөздер алынып тасталсын.

3. 4-тармақтың 4.4-тармақшасындағы "бұған" деген сөздің алдынан "
сондай-ақ көрсеткен қызметі үшін агенттік келісімдер бойынша алынған шетел
валютасы" деген сөздермен толықтырылсын.

4. 4-тармақтың 4.5.-тармақшасы мынадай мазмұндағы азатжолмен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"- сақтандыру ұйымдарының шетелдік сақтандырушылармен (қайта
сақтандырушылармен) қайта сақтандыру операцияларынан".

5. 7-тармақтың екінші азатжолындағы "қатар" деген сөз алынып тасталсын.

6. 7-тармақтың төртінші азатжолындағы "ағымдағы валюта есепшоты" деген
сөздерден кейін "(ағымдағы валюта есепшоты заңды тұлғада болмаған жағдайда)
" деген сөздермен толықтырылсын.

7. 12-тармақтағы "валюталық бақылау агенті ретінде" деген сөздерден кейін мынадай редакцияда жазылсын: міндетті түрде сатылуға тиісті валюта түсімінің бір бөлігін, бес жұмыс күні ішінде валюта биржасында сатады, ол туралы экспортердің»ұйымына хабарлайды.

8. 13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті банктер бір жұмыс күні ішінде Ұлттық Банк ұсынған тиісті валютаның теңгеге, бірақ мәміле жасалатын күні белгіленген ресми бағамнан жоғары емес бағамы бойынша экспорттық түсімді Ұлттық Банкке мынадай жағдайда сатуға міндетті:

- валюта биржасында қатарынан бес жұмыс күні бойы сауда-саттық болмаған жағдайда ;

- егер валюта түсімі валюта биржасында қатарынан бес жұмыс күні бойы сатылмаса .

Валюта қаражатын Ұлттық Банктің валюталық корреспонденттік есепшотына есептеу туралы корреспондент-банктен телекс немесе СВИФТ бойынша хабар алғаннан кейін, Ұлттық Банк келесі жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті банктің корреспонденттік есепшотына теңге баламасымен есептейді.

Мөлшері лот қалыптастыруға мүмкіндік бермейтін валюта түсімі түскен жағдайда уәкілетті банк есеп лотты өз валюта қаражаты есебіне не валюта түсімі транзиттік есепшотқа есептелгеннен кейін соңғы 5 жұмыс күні ішінде түскен валюта түсімі есебінен толықтыруға құқылы және валюта түсімін валюта биржасында 5 жұмыс күнінен кешіктірмей сатуды жүзеге асырады.

Ұлттық Банк шетел валютасын сатып алудан бас тартқан жағдайда не осы

валютаның сомасы валюта биржасында сату үшін лот қалыптастыра алмаса уәкілетті банктер екі жұмыс күні ішінде валюта түсімін банкаралық биржадан тыс валюта рыногында сатуға, не валюта түсімін экспортер - ұйыммен келісілген бағам бойынша өз бетінше сатып алуға міндетті".

9. Нұсқаулық мынадай мазмұндағы 14-1 тармақпен толықтырылсын:

"Уәкілетті банктер белгіленген мерзімде осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес Ұлттық Банкке есеп береді".

Төраға

№

№ 2 қосымша
есеп беру нысаны - апта сайын
келесі аптаның»2-ші жұмыс
күнінен кешіктірмей

1999 жылғы " " " " аралығында
 есеп беретін апта үшін экспорттық валюта түсімінен
 түскен сома туралы
 Мәлімет

R! Валютаның түрлері ! Экспорттық ! Экспорттық валюта ! Клиенттердің.
 /! ! валюта түсімін сатудан ! Экспортер.
 с! ! түсімінен ! түскен жалпы сома ! лер ағымдағы
 N! ! түскен ! ! валюталық
 N! ! жалпы сома! ! есепшотына
 ! ! ! ! есептелген
 ! ! ! ! сома

! барлығы ! оның ішінде ! оның !
 ! ! валюта ! ішінде!
 ! ! биржасында ! Ұлттық!
 ! ! ! Банкке!

- 1 Австрия шиллингі
- 2 Ағылшын стерлинг фунты
- 3 Бельгия франкі
- 4 Голланд гульдені
- 5 АҚШ доллары
- 6 Еуро
- 7 Ирланд фунты
- 8 Испан песеті
- 9 Италиян лирі
- 10 Неміс маркасы
- 11 Португал эскудосы
- 12 Фин маркасы
- 13 Француз франкі
- 14 Швейцар франкі
- 15 Жапон иені
- 16 Ресей рублі x x x
- 17 Басқалары x x x
- 18 ҚҰБ шетел валютасының
 орташа алынған бағамы
 бойынша мың»АҚШ
 долларымен қайта

есептелгені

Оқығандар:

Умбетова А.М.

Касымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК